



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**Алматыда ҚҰБ сараптамалық-талдау клубының отырысында  
Қаржылық тұрақтылық туралы есеп таныстырылады**

*Алматы*

*2025 жыл, 25 қыркүйек*

29 қыркүйек күні Алматы қ. Narxoz University алаңында Қазақстан Ұлттық Банкінің сараптамалық-талдау пікірталас клубының отырысы өтеді.

Іс-шараға сарапшылар мен академиялық қауымдастық өкілдері, екінші деңгейлі банктер мен Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілдері шақырылып отыр.

Жиында Қазақстанның Қаржылық тұрақтылығы туралы есеп таныстырылып, негізгі түйіні талқыланады. Сондай-ақ, 2024 жылғы макроэкономикалық ахуал мен қаржы секторының сын-қатерін бағалау нәтижесі ұсынылады.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына нөмір арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)